

## Ай сайынғы материалдық көмек көрсету туралы

### *Күшін жойған*

Атырау облысы Жылыой ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 21 мамырдағы № 166 қаулысы. Атырау облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 6 маусымда № 4-2-174 тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы Жылыой ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 28 ақпандағы № 115 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы Жылыой ауданы әкімдігінің  
2013.02.28 № 115 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабының 1 тармағы 14) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 сәуірдегі "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Заңының 20 бабына және аудандық мәслихаттың 2011 жылғы 12 желтоқсандағы № 31-3 "2012-2014 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы" шешіміне сәйкес аудан әкімдігі

**Қ А У Л Ы** **Е Т Е Д І :**

1. Келесі санаттағы азаматтарға 3158 (үш мың бір жүз елу сегіз) теңге мөлшерінде ай сайынғы материалдық көмек көрсетілсін:

- 1) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне;
- 2) басқа мемлекеттердің аумақтарындағы ұрыс қимылдарына қатысушыларға,  
а т а п а й т қ а н д а :

жаттығу жиындарына шақырылып, ұрыс қимылдары жүріп жатқан кезде Ауғанстанға жіберілген әскери міндеттілерге; ұрыс қимылдары жүріп жатқан осы елге жүк жеткізу үшін Ауғанстанға жіберілген автомобиль батальондарының әскери қызметшілеріне; бұрынғы КСР Одағының аумағынан Ауғанстанға жауынгерлік тапсырмаларды орындау үшін ұшулар жасаған ұшу құрамының әскери қызметшілеріне; Ауғанстандағы кеңес әскери құрамына қызмет көрсеткен жараланған, контузия алған немесе зақымданған, яки ұрыс қимылдарын қамтамасыз етуге қатысқаны үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдерімен наградталған жұмысшылар мен қызметшілерге;

- 3) Ұлы Отан соғысы жылдарында қаза тапқан әскери қызметшілердің қайталап некеге отырмаған зайыптарына (жұбайларына).

2. Әлеуметтік көмекті төлеу жөніндегі уәкілетті орган болып "Жылыой ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік

м е к е м е с і

б е л г і л е н с і н .

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары І.  
Е л т е з е р о в к е жү к т е л с і н .

4. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2012 жылдың 1 қаңтарынан бастап туындаған қатынастарға таралады.

*Аудан әкімі*

*Р. Нұғманов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК